

Бекітемін:
«Әсем» бебекшай
балабақша менгерушісі
_____ Э.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бебекшай балабақша				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Тогызбаева Жақсыгүл Арапбаева Гулнұр				
Жоспардың құрылудағы кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	30.01 - 03.02.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дене қызыын, сыртқы келбеттің тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әнгімелесу, кеңестер беру.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұсташа әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, олардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін тандауға үйрету. (енбек дағдылары)</p>	<p>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бұрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымын бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарап ауру қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске</p>	<p>"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларға кезекші міндеттерін ниетпен, адаптацияда орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау, тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелу. (енбек дағдылары)</p>	<p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқтімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сұрту және киімді орнына мұқият бүктеу. (енбек дағдылары)</p>	<p>"Кір сұлгілерді аудыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға үмтүлу. Сұлгіні жеке ұшыққа іліп қоюды үйрету. Улкендерге көмектесуге, ниетпен еңбектенуге үйрету. (енбек дағдылары)</p>

	түсіру. (еңбек дағдылары)			
<p>Үстел үсті ойын. "Ботаникалық лото" Мақсат-міндеттер. Дала гүлдері, сирек кездесетін гүлдер жайлыш балалардың білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атап айтқызу. Ойын шартты. Гүлдерді гүлзарларға орналастыру.</p> <p>Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау және гүлзар бейнеленген. Көлемі 8×8см. Көкөністер, жемістер және гүлдер бейнеленген 10-15 дана карточка. Көлемі 5×5см.</p> <p>(қарым-қатынас іс-</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Лото. Тұған жер". Мақсат-міндеттер. Суреттерді есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту. Аң мен құсты ормандағы өз орнына орналастыру.</p> <p>(тәнім іс-әрекеті)</p>	<p>"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағыландыру.</p> <p>Ойын шартты.</p> <p>Балалар шенбер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, "су" дегендеге, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегендеге ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу.</p> <p>«Торғайдың әні».</p> <p>Мақсат-міндеттер. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, торғай қалай ән салады? <p>Тындандаршы.</p> <p>Торғай-торғай, тоқылдақ,</p> <p>Жерден тары шоқып ап,</p> <p>Бөтегесі томпайып,</p> <p>Тойған қозыдай монтайып,</p> <p>«Шіп-шіп» десіп отырар.</p> <p>(халық ауыз</p>	<p>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу.</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамызыдағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай,</p>

	әрекеті, таным іс-әрекеті)	<p>аттарын атайды. Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.</p> <p>"Aya" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былгайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p>	<p>әдебиетінен) Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар. Ағаштарды қорғайды.</p> <p>(Ж. Сымаков)</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доплақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ кояды: "Табиғат нені жаратқан?". Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сұру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су</p>
--	-----------------------------------	--	---	---

					<p>тогандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды қүзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын: "Жер, су, ауа" Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, аудада, суда не төсөлдіру, қоршаған ортага қамқорлық сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу. (дене шынықтыру)</p>
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу.				

	<p>1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>1 - жoғарығa қarau, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қarau, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайtалау</p> <p>2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде</p> <p>1 - арқанды алғa ұstau, 2 - жoғарығa көтеру, 3 - алғa, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайtалау</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жoғарыда</p> <p>1 - он жaққa иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жaққa иілу,</p> <p>4 - бастапқы қалып; 4 рет қайtалау</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алғa ұstau</p> <p>1 - арқанмен бірге оңғa бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солғa бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайtалау</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жoғарыда</p> <p>1 - тізені бүкпей арқанды жерге қoю, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұru, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайtалау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, dene шынықтыру)</p>
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жuu, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шaю, қол орамалды пайдалану, белгे дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуңдің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Тұс уақыты келгенде, Дастарханға жайғастық. Тамақ ішү әдебін, Ішімізден ойластық. Аяғымыз орнында, Сөйлемейміз беріміз. Тамақ ішіп болған соң, Жинасамыз тағы біз.</p>

	<p>Тамақтану тәртібін, Есте сақтап алыңыз.</p> <p>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сұртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Әдепті өтініш" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу.</p> <p>Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету.</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру,</p> <p>Балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты, Алтын сәүле таратты.</p> <p>Жарқырады күніміз.</p> <p>Жарқырайды даламыз.</p> <p>Қайырлы таң, Қайырлы күн,</p>	<p>Техника әлемінде. Балалар заттарды электрлік және механикалыққа, дөңгелегі бар және дөңгелегі жоқтарға жіктей алады.</p>	<p>Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты, Алтын сәүле таратты.</p> <p>Жарқырады күніміз.</p> <p>Жарқырайды даламыз.</p> <p>Қайырлы таң, Қайырлы күн,</p>

			балалар! (қарым-қатынас іс-әрекеті)		балалар! (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	<p>Саят ашу негіздері "[ө] дыбысы және Өө әрпін қайталау".</p> <p>Мақсат-міндеттер: [ө] дыбысы мен әрпін таныстыру. Оның айтылу ерекшеліктерін атап өту және жазылу жолын үрету.</p> <p>Қазақ тілі "Ақылды егінші" ертегіci.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды "Ақылды егінші" ертегісін қазақ тілінде мұқият тыңдауға, тірек сөздерді дұрыс айтуда үрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Кедергілерді өту</p>	<p>Саят ашу негіздері "[з] дыбысы және Зз әрпі".</p> <p>Мақсат-міндеттер: [з] дыбыстарымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру.</p> <p>Математика негіздері Мақсат-міндеттер: балалардың 1-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифrlар жайлы білімдерін тиенақтау; "үлкен", "кіші", "тән" үғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; заттар жиынын салыстыра отырып ">", "<" және "=" белгілерін қолдануды менгерту.</p>	<p>Математика негіздері "Заттардың салмақтарын салыстырайық"</p> <p>Математика негіздері "Ц" дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".</p> <p>[Ц] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуда</p>	<p>Математика негіздері "Балықтың салмағын өлшеу"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді менгерту; заттарды салыстыру арқылы ауыр және жеңіл екендігі жайлы түсінік беру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Үй құстары" (пысықтау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: өленді жаттап, мәнерлелеп айтуда үрету.</p> <p>Музыка</p>	<p>Саят ашу негіздері "[з] дыбысы және Зз әрпін қайталау".</p> <p>Мақсат-міндеттер: Зз әрпі бар сөздерді оқып, сауатты жаза білуге үрету.</p> <p>Мұсіндеу "Жол реттеушіге көрсетейік"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас ермексаздан көліктің шанағын жасауға, мұсіндеудің домалақтау, жалпайту, жаю, басу әдістерін қолдана отырып жеңіл автокөлікті мұсіндеуге үрету.</p> <p>Дене шынықтыру</p>

	<p>эстафеталары"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды орындықтан еңбектеп өтуді жүрумен алмастыруға үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>"Бөлме өсімдіктері"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жіктелуі туралы білімдерін бекіту; белме өсімдіктерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру; белме өсімдіктерінің адам және қоршаған орта үшін маңызы туралы түсініктерді кеңейту.</p>	<p>Музыка</p> <p>"Менің қамқорлығым"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп, айта білу, музыка әуенімен ырғактық құмылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Үй құстары"</p> <p>Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуда үйрету.</p>	<p>үйрету, артикуляциялық жаттығуларды бағытталуын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Кедергі заттар арасымен іші толтырылған допты домалату".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен іші толтырылған допты домалатуға үйрету.</p> <p>Қоркем әдебиет</p> <p>"«Қантар мен Ақпан» ертегісі"</p> <p>Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуда үйрету.</p>	<p>"Комбайншы боламын"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды комбайнышы туралы әнді тыңдау, әннің сипатын ажыратада білуге үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>"Жол ережелері"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жолда жүру ережелерін үстану және қоғамдық көлік тәртібін үстану біліктерін жетілдіру;</p> <p>жол белгілерін ажыратуға үйрету;</p> <p>тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету.</p>	<p>"Кедергі заттар арасымен допты домалатуды пысықтау".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанага иштеп, сол қолмен лақтыруға үйрету.</p> <p>Қоркем әдебиет</p> <p>"«Қантар мен Ақпан» ертегісі" (қайталу)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқияттыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету.</p>
--	--	---	--	---	---

				қабілеттерін қалыптастыру.	
2- таңғы ас	Тағамның атаяны есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сойлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Терезедегі өрнектерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсіндіру. Олардың ойын толықтыру.</p> <p>Терезедегі өрнектерді бақылау.</p> <p>Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атанаң терезеге салған көнілді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.</p>	<p>Мұз сүнгісін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсіндіру. Олардың ойын толықтыру.</p> <p>Балаларға мұздың қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету.</p> <p>Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Сұрақтар:</p> <p>1) Мұз қандай</p>	<p>Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Аспан және оның біздің планетамыздың өміріне әсері туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>аспан сферасының әсемдігі мен алуан түрлілігін қабылдауды дамыту.</p> <p>Зерттеу. Жылқыға ұқсайтын бұлттарды табу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қаралдар мен тапсырмалары:</p> <p>1) Мұз қандай</p>	<p>Жылқыны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Жануарларды белгілері бойынша салыстыруға үйрету;</p> <p>бақылау дағдыларын дамыту;</p> <p>жануарларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелу; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қаралдар мен тапсырмалары:</p> <p>аулада ұйымдастып жұмыс істей. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Бірлесіп жұмыс істеуге, орындалған</p>	<p>Қарға мен сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Құстар туралы білімдерін толықтыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қаралдар мен тапсырмалары:</p> <p>аулада ұйымдастып жұмыс істей. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Бірлесіп жұмыс істеуге, орындалған</p>

<i>Kөркем сөз.</i>	болады?	қарапайым еңбек тапсырмалары:	балаларға арналған тәбешік жасау.	жұмыс пен оның нәтижесінен қуаныш алуға үйрету.
Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып.	2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты. 3) Мұз қалай пайда болады?	бұталар мен ағаштардың түбіне қар күреу, тәбешіктегі қарлардан тазарту.	(еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, тапсырмаларды өз бетінше үлестіре білуге үйрету.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалма". (дene шынықтыру)
Қимылды ойын. «Айлакер тұлкі». (дene шынықтыру)	4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер. Жүгіру, ептілікпен секіру қабілеттерін бекіту.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар үлпасын ұстап ал", "Ұйшіксіз қоян". (дene шынықтыру)
Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу.	5) Олар қайдан пайда болады?	Бірлесіп жұмыс істеуді үйрену, нәтижеден қуаныш алу.	Мақсат-міндеттер. Дәлдікті, зейінді, көзben мөлшерлеуді дамыту; ойын ережелерін сақтауға үйрету.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері: Шаңғымен жүру.
Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады?	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз". (дene шынықтыру)	Мақсат-міндеттер. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып онға, солға бұрылу, айналу. (дene шынықтыру)	<i>Kөркем сөз.</i>
Мақсат-міндеттер: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.	Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,	Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру.	Мақсат-міндеттер. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау кезінде жаттығу; сырғанау кезінде еңкеюді	Жеке жұмыс: қар атжалаына секіріп шығу және одан жерге тұсуге үйрету.
Жорамал: қыс аязды болса, жаз ыстық болады.	Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.	Еркін ойындар. Шаңғымен жүру.	Мақсат-міндеттер. Сырғанау кезінде жаттығу; сырғанау кезінде еңкеюді	Жеке жұмыс: қар атжалаына секіріп шығу және одан жерге тұсуге үйрету.
	Мұзафар Әлімбаев.	Қимылды ойын: сырғанау. Бір		

	<p>Жұмбак. Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)</p> <p>Еркін ойындар. Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып онға, солға бұрылу, айналу. (дene шынықтыру)</p>	<p>«Қоянның үйшігі». (дene шынықтыру) Үйсіз қалған қоян. Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату. Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p> <p>Еркін ойындар. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. (дene шынықтыру)</p>	<p>орнында тұрып онға, солға бұрылу, айналу. (дene шынықтыру)</p>	<p>үйрету.</p>	
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне құтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Көркем сез</p>				

	<p>Тұс уақыты келгенде, Дастарханға жайғастық. Тамақ ішү әдебін, Ішімізден ойластық. Аяғымыз орнында, Сөйлемейміз бәріміз. Тамақ ішіп болған соң, Жинасамыз тағы біз. Тамақтану тәртібін, Есте сақтап алыңыз.</p> <p>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлышпен ақырын сулап, қолдарын сұртеді (майлышты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сез)</p>
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйінштегі тауына жайлы жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелуе.</p> <p>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет үқалайды, аяқтың бүлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.</p> <p>Көркем сез Тұскі үйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылдып Тәтті үйқыға батамын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар.</p> <p>Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстау, сипау арқылы тануға тырысады; затты көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғанын, адамға қажеттілігі туралы</p>	<p>Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Менің мысығым" Мақсат-міндеттер: мысыққа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру; мысықтың сыртқы түрі туралы білімін нақтылау.</p> <p>Дидактикалық ойын. "Тергеушілер". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.</p> <p>Шарты. Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Шарты. Жүргізуі бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Мен кіммін? Мен немін?" Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс, мамандық иесінің сипаттамасын естіп, оның не немесе кім екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, занылыштар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгілікке тәрбиелеу.</p> <p>Шарты. Алғашында педагог, содан кейін қалауын білдірген балалар кезекпен шығып,</p>	<p>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шашашаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шенберде (шенберде) отырады (тұрады). Алғашқы кезеңде ойын шартының орындалуын реттеп</p>

баяндайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан белгілі бір затты алып, оған сипаттама береді.	Заттардың жалпы саны төртеу болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. Жұмбақты шешкен бала өзі жана жұмбақты жасырады.	отыру үшін, жүргізуі рөлін педагог атқаруы мүмкін. Жүргізуі допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерінің бірін дауыстап айтты допты баланың қолына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суастында мекендейтін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.
Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана". Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің модельдері. "Дәріхана" сөмкелері; ак халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен	Балалардың әртүрлі заттар жатқан қораптан белгілі бір затты алып, оған сипаттама береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар.	Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың ""Азық-түлік"" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".	Мақсат-міндеттер. Балалардың ""Азық-түлік"" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".	Мақсат-міндеттер. Балалардың ""Азық-түлік"" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".
				(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
				(қарым-қатынас іс-

қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, provizor сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек жасау үшін, қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен provizor рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады. Өздеріне қажет киім және құралдарды алып,	жағымды қарым- қатынастарға тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, оыйншиқтар, оыйншиқ смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) оыйншиқтардың бірін таңдап, өз қалауларын атып жатады. Сатушы оыйншиқтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап,	қорапшаларда немесе пластик қаптағы жармалар, әртүрлі макарондар, қатты азық-тұліктегі, сұт өнімдерінің қораптары (қап, ыдыстар), түрлі пішінді себеттер, оыйншиқ смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық- тұлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны көрсетіп, ""азық- тұлік тауарлары"" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін	Балалардың оыйншиқтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын оыйншиқтар (көліктегі, дене мүшелері салынатын пластик құыршақтар, лего ойнышықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойнышықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен	әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті) Сюжетті-рөлдік оыйн. "Жанармай бекеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдықтарды сататын сатушы туралы білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанармай бекеті жазуы; жанармай
--	--	--	---	--

	орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.	сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.	түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді. Балалар азық-түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азық-түліктің сақталу мерзімі, оларды таза өнім күйінде тұтыну туралы мәлімет беруі ете маңызды.	шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындауды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты үйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндең береді.	құятын жасанды орын, автомобиль бағанасы мен ойыншық шланг; рульдер, машиналардың жанармай бактарының ойыншық пішіндері; автомобильдерге арналған дәнгелектер. Автобак орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлад, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог дайындық жұмысында жанармай бекетінің қызметі, жанармай қуюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар туралы суреттер мен бейнежазбаларды пайдаланып
--	---	--	---	--	--

		<p>анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтіп сақтаса, олар бұзылмайды, сапалы болады, жақсы сатылады;</p> <p>дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін</p>	<p>әңгімелеседі.</p> <p>Балалар жанаармай бекетінде кім қандай қызмет атқаратынын келіседі (санамақ арқылы), өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге</p>
--	--	---	--

		<p>ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, шығармашылық іс- әрекет)</p>		<p>қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болып, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін сақтап, өртке қарсы қауіпсіздікті қатаң түрде қадағалауға міндettі.</p> <p>(қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті)</p>	
Балалармен жеке жұмыс	<p>Сурет салудан оыйн-жаттығу "Теңіз асты тұрғындары" Мақсат-міндеттер: балаларды топтастар</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Сандар". Міндеттері. 1-ден 10-ға дейінгі реттік сан есімдерді окыту; суреттегі</p>	<p>Жапсырудан ойын- жаттығу "Ақылды қоян" Мақсат-міндеттер: балаларды жазық қағаз бетіне қоян</p>	<p>"Құстар" сөздік оыйны. Дидактикалық міндеті. Балаларды сөзі мен әрекетін</p>	<p>Ұлттық ойын "Бес тас" «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт</p>

	<p>ұжымымен бірігіп, теніз асты әлемі сюжеті салуға үйрету.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>нысандардың санымен салыстыруды үйрену; еркіті назар аударуға үйрету, шыдамдылықты тәрбиелеу.</p> <p>Нұсқаулық.</p> <p>Балалар сандардың суреттері бар 2-3 орталық блокты және 1-ден 10-ға дейінгі заттардың суреттері бар 10 фигурадан түратын картаны алады.</p> <p>Балалар бүкіл шеңберді алу үшін орталық блокты сәйкес фигуralармен байланыстыруы керек.</p> <p>(тәнім іс-әрекеті)</p>	<p>қимаулгісін орналастырып жапсыруға, ақ түсті қағазды жырту әдісі бойынша, қағазды ұсақтап жыртып, қоян қимаулгісінің үстіне жапсыруға үйрету.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың сөйлеу тілін белсендіруді жалғастыру.</p> <p>Ойын ережесі.</p> <p>Құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек.</p> <p>Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады.</p> <p>Ойын әрекеті.</p> <p>Құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>	<p>оыйндарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.</p> <p>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды.</p> <p>Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысуышылар дөңгелене отырады.</p> <p>Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.</p> <p>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді.</p> <p>Жерден алған тасын</p>
--	--	---	---	---	---

					жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонаң соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. (тұным іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Тұскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті, тұнымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Тұс уақыты келгенде, Дастарқанға жайғастық. Тамак ішу әдебін,</p>				

	<p>Ішімізден ойластық. Аяғымыз орнында, Сөйлемейміз бәріміз. Тамақ ішіп болған соң, Жинасамыз тағы біз. Тамақтану тәртібін, Есте сақтап алыңыз.</p> <p>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сұртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұсташа ережелерімен таныстыру. Жазу параграфында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратада білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуда, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауда, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауда мүмкіндік беру.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуда (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыруды, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда женіл дауыспен ән айту, ән айттар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс</p>

алу, өннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауга баулу. Өнді музыкалық талғаммен орындауга жаттықтыру.

Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)

Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғакты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).

Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)

Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигуralарға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тен және тен емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)

Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың

	<p>тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтактары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлак, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауга баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсіні маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу.	«Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу.	«Айна бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.	Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова